

Дизельдік отынды әкетуге уақытша тыйым салуды енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 27 ақпан N 213

Ел экономикасының мұқтажы үшін дизельдік отынның қажетті қорын жасау мақсатында және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Заңының 20-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Тұрмыстық пешке жағатын отыннан басқа, дизельдік отынды (ТМД СЭҚ ТН коды 2710 00 610-2710 00 690) Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге 2003 жылғы 15 наурыз - 1 маусым кезеңінде тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Интеграциялық комитетін осы қаулының 1-тармағына сәйкес дизельдік отынның Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілуіне Қазақстан Республикасының тыйым салуды енгізетіндігі туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі